



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

б) государству необходимо оказывать содействие женщинам-предпринимателям в развитии своего бизнеса: 1. разработать новую государственную программу с целью обеспечения поддержки женщинам-предпринимателям; 1.1. проводить конкурсы на основании государственной программы при поддержке Национальной палаты предпринимателей РК «Атамекен»; 1.2. посредством конкурса выявить перспективных и талантливых девушек, которые в дальнейшем смогут реализовать свои проекты в жизни;

в) улучшить условия труда женщин, в особенности в сфере промышленности, сельскохозяйственного труда: увеличить количество государственных грантов и стипендий по специальностям промышленной и сельскохозяйственной специализаций; увеличить в школьных программах количество часов, предназначенных для практических занятий близким данным областям предметам школьной базы (физика, химия, биология)

Список использованных источников:

1. Конституция Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями, внесенными Законами Республики Казахстан от 7.10.1998 г. и 21.05.2007 г)
2. Всеобщая декларация прав человека от 10 декабря 1948 года, принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года
3. Закон Республики Казахстан «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин (с изменениями по состоянию на 03.07.2013 г.)
4. Закон Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан»(с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.12.2017 г.)
5. Кодекс Республики Казахстан о браке (супружестве) и семье от 26 декабря 2011 года № 518-IV
6. Стратегия гендерного равенства Республики Казахстан на 2006-2016 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2005 года N 1677
7. Гендерное равенство в семье и труде: заметки юристов. Монография, авторы: Тарусина Н.Н., Лушников А.М., Лушникова
8. Гендерное равенство в контексте прав человека, авторы: С.Г. Айвазова.- Эслан, 2001
9. Права женщин в Республики Казахстан
<http://www.zakon.kz/4834828-prava-zhenshhin-v-respubliki-kazakhstan.html>
10. ООН: Женщины в Казахстане подвержены дискриминации
<https://rus.azattyq.org/a/28355260.html>

ЖОО-НЫҢ ІШКІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сапарбекова Бибинұр Ернарқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құқықтану» мамандығының
1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м., аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.
muxametnur@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада қазіргі таңда университеттегі оқытушы мен білімалушылардың арасындағы қарым-қатынасты құқықтық тұрғыдан реттеудің теориялық бірқатар мәселелері қарастырылды. Білімалушылар мен ОПҚ арақатынасын реттеуді құқықтық тұрғыдан жетілдіру жолдарын да тілге тиек еткен.

Түйін сөздер: ЖОО, ОПҚ, білімалушы, ішкі нормативтік құқықтық акті, ереже.

Жоғары оқу орындары (бұдан әрі – ЖОО) қызметінің тұрақты құқықтық негізін қалауды бүгінде біз білім алушылар мен білім беру саласының (шын мәнінде ЖОО-ның) өзге

де субъектілері, оның басқару органдарымен (бұдан әрі – әкімшілікпен), профессорлық-оқытушылық құрамы (бұдан әрі – оқытушылар) арасындағы өзара қатынасын қалыпқа келтіретін белгілі бір нормативтік актілер, оның ішінде заңнамалық ережелерсіз елестету мүмкін емес. Десе дағы, білім саласындағы бүгінгі қолданылып жүрген заңнама, білім беру қызметін көрсету тәртібін қоса алғанда [1], ондай жөн-жосықтың принциптерін, нысандарын, екі жақты құқықтарын, студенттердің, оқытушылардың, әкімшіліктің міндеттерін айқындауды ЖОО-ның жарғысына және локальдық актілерге жүктей отырып, оларды толық жан-жақты реттемеген. Ерекше қызығушылықты – теориялық-құқықтық, сараптамалық, практикалық - аталған қарым-қатынастарды құқықтық реттеудің мемлекеттік емес ЖОО-на қатысты туындайтын мәселелерін шешу туғызады. Бұл бірнеше объективтік жағдайларға: - мемлекеттік емес білім беру мекемелеріндегі басқару функциясын құрылтайшының немесе оның тағайындайтын органының, оның ішінде қамқоршылар кеңесінің құзырына заңнамалық түрде беру; -білім беру ұйымы (мекемесі) мен білім алушы арасындағы қатынастың көбінесе келісім-шарттық сипатта болуы; -мемлекеттік емес ЖОО-на білім беру қызметінің неғұрлым кең көлемді құқықтары мен бостандықтарының заңнамалық түрде берілуіне байланысты.

ЖОО-ы ішкі қарым-қатынастарын реттеудің белгілі бір мөлшерде диспозитивтік сипаты, ЖОО-ның автономиялылығы, бәрінен бұрын, оқыту, ғылыми ізденістер және творчество саласына байланысты, сонымен бірге студенттер, оқытушылар (ғылыми қызметкерлер), ЖОО әкімшілігі өзара жөн-жосықтарының түрлі құқықтық моделдері болуы мүмкіндігін білдіреді. Екінші жағынан, білім беру қатынастарын басқарудың әкімшілік-құқықтық бағыты, тұтастай алғанда бұл қатынастарға императивтік (рұқсат беру, міндеттеу элементтерімен) ықпал етуді білдіреді. Сонымен, дәл оның табиғатына тән, өз дамуының қазіргі этапында жариялы-құқықтық және жеке-құқықтық (диспозитивтік) реттеудің элементтері, ережелерін байланыстыратын ЖОО-ы білім беру қатынастары субъектілері жөн-жосығы ережелерін белгілеудің белгілі бір қарама-қайшылықтары пайда болады. Сонымен бірге, ЖОО-на ішкі құқықтар мен бостандықтар беру және оларды заңды бекіту ЖОО-ның ішкі демократиясын едәуір кеңейтеді, университеттер, институттар, колледждер ежелден тарихи ерекшеленетін ЖОО-ның өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару принциптерін бекіте түсетінін, олардың іс жүзінде бар болуының нақты механизмін тудыратынын мойындауымыз керек. Қазақстан Республикасының Конституциясында заңды көрініс тапқан дәл осы қоғамдық қатынастардың бостандықтары, демократиялануы атмосферасы өз белсенділігін арттырудың барлық элементтерінің жиынтығы арқылы құрылып, өмір сүреді және қайта жаңғырады.

Білім беру саласындағы заңнама студенттердің, оқытушылардың, ЖОО-ы әкімшілігінің өзара жөн-жосық тәртібін айқындауда селқостық танытқан. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп, білім беру процесін жүзеге асыру, үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау ережелерін әзірлеп және қабылдауды білім беру мекемесінің өз құзырына берген. Мұндай қатынастардың заңдық-техникалық аспектідегі негіздерін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы ЖОО-ның студенттері және өзге де білім алушылар санаттары (тыңдаушылар, докторанттар, аспиранттар, ізденушілер), сол сияқты оқытушылар мен өзге де ЖОО қызметкерлеріне жүктелген ереже, міндеттер, жауапкершіліктер нысанында бекітіп берген. Бұл нормалар, ішінара ЖОО білім беру қатынастары субъектілері арасындағы қатынастардың «статикасын», яғни өзгеше айтқанда олардың заңды мәртебесін, заңды жағдайын ғана көрсетеді. Бірақ, тәртіп мазмұнында, аталған субъектілердің жөн-жосығын шектеу арқылы ашып көрсетуге болатын, жөн-жосықтар динамикасы, заңнамада толық көрініс таппаған. Бір жағынан, мұндай құқықтық ақтаңдақты дұрыс деп те санауға болар, өйткені жалпылама міндетті заңмен регламентациялау ЖОО қызметіне қатысты Конституциялық принциптерге, оның ішінде сабақ беру бостандығы, автономияға қайшы келер еді. Өзгеше айтсақ, білім беру ұйымына көптеген белгіленген қатынастар рәсімдерін (олардың мазмұны, нысандары, тәртібі, шегі және шектеулері) өз бетінше белгілеу құқығы берілген, өйткені дәл осылар педагогтік, жалпы білім беру процесінің мәндік сипатын

құрайды [2]. Білім беруде қатынас (кез – келген өзге қатынастан айырмасы) нәтижесінде олардың жөн-жосықтары, іс-әрекеттері және қатынастары өзара өзгеріске түсетін, оқытушы мен оқушының түйісуінен (ұзақ немесе қысқа мерзімді) тұрады [3].

Бірақ мұндай ережелер мен нормаларды белгілеудегі екіұштылық, білім алушыға, яки оқытушыға, яки ЖОО әкімшілігіне не істеу және не істемеу керектігі туралы ұсыныс, олардың жөн-жосығы тәртібінде, бәрінен бұрын сол білім беру саласы қатысушыларының құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмінде өзіндік саңлау мен дүдәмәл туғызады, оларды құқық бұзушылықтың алдын алатын, білім берудегі жеке тұлғаның құқықтарын бастапқы қалпына келтіретін, сол сияқты процестің, тәртіптің өзін, оның ішінде сот арқылы қорғау құралдарын пайдалануды қиындатады. Сондықтан да, білім беру саласы қатысушыларының әлеуметтік, педагогтік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың, жалпыға бірдей міндетті нормаларға қатынасы критерийлерін анықтау және оларды заңнамалық актілерде бекіту, сол сияқты ережелердің ЖОО-на бостандықтар мен білім беру автономиясы берілуі себепті, білім беру ұйымының өзі рәсімдей алатындарын анықтау мәселесі туындайды. Бұл жағдайда, бірақ, заңды рәсімдеуге өзара әлеуметтік жөн-жосықтар принциптері жатады. Сөзіміз құрғақ болмау үшін, ЖОО тәжірибесінен мысалдар келтірейік. Сабақтарға, оның ішінде практикалық және семинарлық сабақтарға қатысу міндеттілігі. Бұл жерде, біріншіден, студенттерді оқытудың белгілі бір бостандығы және табыс табудың (оның ішінде оқу ақысын төлеу үшін) экономикалық шарттылығы жағдайларында, дәрістерге міндетті түрде қатысу қағидасының негізділігі (күндізгі бөлімде оқитын студенттерге байланысты); екіншіден, міндетті қатысу тек кіші курстардың (бірінші, екінші) студенттеріне ғана ма, болмаса жоғары курстарға да ма?; үшіншіден, көп білім алушылар саны қатысатын оқу ағымдарындағы сабаққа қатысу есебін жүргізу мәселесін қалай шешу керек; төртіншіден, мұндай жағдайларда сабаққа қатыспаудың салдары, оның ішінде құқықтық сипаттағы салдары қандай болуы керек, олар қандай нысанда ескерілуі керек және т.б., сабақты жібергені үшін тәртіптік жаза қолдану немесе аралық аттестация процесінде қосымша тапсырмалар беру қажет пе? Студенттердің білімін бағалау критерийлерін жетілдіруді қайта белгілеу. Әдетте, ЖОО-да не аралық, не қорытынды аттестаттау кезінде бірыңғай талаптар және білім алушының білімін бағалау критерийлері қабылданбайды, нәтижесінде олар әрбір оқытушы-емтихан алушыға талаптарды төмендету жағы сияқты, жоғарылату жағына да әжептәуір ауытқу мүмкіндігін туғызады. Бірақ, ЖОО әкімшілігіне білім беру қызметтері нарығында белгілі бір орыны бар. ЖОО-ның өз кезегінде еңбек нарығының қатал ықпалына ұшырауымен санасуына тура келеді. Сонымен, негізінен ақылы білім беру қызметін көрсететін ЖОО, ондайларға тек мемлекеттік емес білім беру ұйымдарын ғана емес, сол сияқты бюджеттік білім беру мекемелерін де жатқызамыз, студенттер өздерімен бірге «алып келетін» ақша массасы түріндегі, экономикалық фактордың белгілі бір мөлшердегі қысымына ұшырайды. Талаптар деңгейін тым көтеріп жіберу, ықтимал студенттердің көпшілік бөлігінің қайтып кетуіне ұрындыруы мүмкін, бірақ жеткілікті сапалы дайындау арқылы, жоғары репутацияның шарты да болуы мүмкін. Екінші жағынан, талаптардың тым төмен қойылуы, оқу орнына қабылдау кезінде білімді бағалаудағы «жұмсақтық» (немесе тіпті бағалаудың мүлдем жоқтығы, яғни төледің де түстің) білім беру процесінде негізінен жақсы табыс деңгейінің шарты болып табылады, бірақ аса жоғары емес репутацияны «қамтамасыз етеді». Соңғы жағдай, көптеген мемлекеттік емес ЖОО-ның өз бітірушілерін дайындау сапасы туралы, жоғары білімнің дамуы, басқаруы, бақылауы үшін жауап беретін лауазымды тұлғаларда, жалпы алғанда аса жақсы емес пікір қалыптасуына негіз болып табылады. Бірақ, қалай болғанда да, ЖОО-да білім беру сапасына қойылатын талап пен оның қоғамдағы іскерлік репутациясы арасында жеткілікті тығыз өзара байланыс бар екендігінің көрініп тұруы, сәйкес құқықтық қатынас туралы да ой түйуге жетелейді. Жоғарыдағы мысалға ұқсас жағдай, студентке баға нақты көрсете алған білімі үшін емес, өзге факторлаға: сабақтағы тәртібі, мінез құлқы, оған қатыспау, сырт келбеті, мүмкін оқытушы емтихан алушының көңіл күйінің болмауына және соңғы оқу материалын жеткілікті меңгермеуге байланысты қойылуы мүмкін. Оқытушы

кешігіп келген студенттерді сабаққа, әдетте дәріске кіргізбей қоюы да талас тудыратын жағдай, тәртіп бұзғандарды оқу залынан шығарып жіберу арқылы олардың білім алу құқығын жүзеге асыруына кедергі келтіріледі. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген ЖОО-ы өз жарғыларында немесе өзге де локалдық актілерінде білім алушылар мен оқытушылардың жөн-жосығын бекітпейді, оның ішінде аталған бұзушылықтар салдарын да. Өз этикалық жағы бар, өзекті мәселелердің бірі, аралық аттестаттауды қайта тапсыруды ұйымдастыру болып табылады, емтихан (зачет) қайта тапсырылу кезінде оны алғаш тапсырған немесе негізгі лекторға емес өзге оқытушыға тапсырылады. Мұндай жағдайлар реттелмесе емтиханның (зачеттің) «қайырымдылау», жұмсақтау оқытушыға қайта, тіпті мерзімінен бұрын, шын мәнінде қылмыстық, ақылы (параға) тапсырылуы мүмкін. Ішкі тәртіп ережелеріне, сабақтарды, оларды түрлеріне сәйкес - дәріс, тәжірибелік, лабораториялық сабақтар, кеңестер, сынақ, емтихан және т.б. өткізу уақыты мен орындарын белгілеуді қоса алғандағы білім беру процесін ұйымдастыруды да жатқызу, сірә, дұрыс болар. Бірақ, оқытушы сабақ түрлерін өз бетінше өзгерту (практикалық семинардың орнына дәріс өткізіледі), кеңес өткізу орыны, мысалы, үйінде өткізіледі деп белгілену жағдайлары жол алуы мүмкін. Сол сияқты, білім алушылар да сынақ, емтихан, өзге де бақылау жұмыстарын қайта тапсыру үшін оқытушыны «ұстап алуға» тырысады. Заңнамадағы студенттерді оқудан шығарып жіберуді реттейтін норма да, заң жүзінде талас туғызады. Ережеге сәйкес, студент пен ЖОО-ы арасындағы білім беру қатынастарын тоқтатудың нақты негіздерін атамай, оларды жалпылама ЖОО жарғысында қарастырылған міндеттерді бұзушылық ретінде айқындайды. Сөйте тұра, білім алу құқығын (жоғары білім) жүзеге асыру және оларды шектеу (біздің ойымызша, білім алушыны білім беру ұйымынан шығарып жіберуді тек осылай деп түсіндіруге болады) туралы сөз болып отыр. Бірақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 1-тармағына сәйкес «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау..., адамның құқықтары мен бостандықтарын ... сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» деп көрсетілген, сондықтан да, олар Конституцияның осы бабында аталған мақсаттарға сай болуы керек. Қарастырылған жағдайда, оқудан шығарып жіберу негіздері, нормативтік актіде емес, тек жарғыда белгіленсе болды. Ол аз болса, заңнама мұндай шектеулердің мақсаттарын да атамайды.

Біздің пікірімше, жеке тұлғаның білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарын екі үлкен топқа: білім алу құқығы мен адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарына бөлетін авторлардың көзқарасы өте дұрыс [5, С.14; 6, С.33-35].

Жалпы алғанда студенттер, оқытушылар (ЖОО-ның өзге де қызметкерлері), ЖОО-ы әкімшілігі қатынастарын құқықтық реттеу мәселелері ғылыми әдебиеттерде де, не нормативтік құқықтық актілерде де тиісті талқыланып және шешімін әлі тапқан жоқ. Осыған байланысты, зерттеулеріміз толыққанды деуден аулақпыз дей отырып, бұл көтерілген мәселелер әріптестеріміздің қызығушылығын тудыратын деген үмітпен, мәселелердің жекелеген едәуір маңызды аспектілеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

ЖОО-ы ішкі қатынастарының тәртібін белгілеуді айқындайтын негізгі іргетасын қалаушы ереже болып студентті негізгі, басты, орталық фигура, құқық нормаларымен реттелген педагогтік қарым-қатынастардың субъектісі, сол сияқты студенттің тек Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 1-тармағына сәйкес қана шектелетін академиялық бостандығы презумпциясын тану табылады. Бұл бостандық ЖОО-ын және оқу бағытын (мамандықты) таңдаудан басталады. Бастапқыда абитуриенттің, сонан соң студенттің дәл осы құқығы, экономикалық мағынада ЖОО-дары арасындағы бәсекелестікті, жарысушылықты тудырады. Өйткені, бір білім беру ұйымын, басқа бір білім беру ұйымына қарағанда тәуірлеу көру дегеніміз, білім беру қызметі рыногына қол жетімділік бостандығының өте оңды жағдайларында білім беру ресурстары туралы ақпарат алу бостандығы, осы рыноктағы кез - келген ресурсқа қол жетімділік бостандығы және сол арқылы ресурстар деңгейінде, оқу-әдістемелік зерттемелер, білім берудің жаңа

технологиялары, білім беру процесін сәйкес жабдықтау, зерттеумен айналысу мүмкіндіктері, өзін-өзі басқаруға, мәдени өмірге (студенттік театрлар, клубтар және т.б.) қатысу, жатақханада тұру, онда да сәйкес жайлы жабдықталған жағдайларда тұру, өзге де ресурстарды таңдау арқылы қалаған мамандықты таңдау деген сөз. Соңғы емес, көбінесе, басты рөлді оқудың бағасы, ЖОО-ның баға саясаты ойнайды. Егер сөз ақылы білім беру туралы болып, ал абитуриенттің (оның ата-анасының), бүгінгі күні тек қалыптасқан дәстүрлері, берік репутациясы, өз жоғары білікті оқытушы кадрлары бар жетекші мемлекеттік ЖОО-ы ғана бере алатын, ал басшылары өз түлектерін дайындау сапасына, біліміне, машықтарына өте жоғары талап қоятын болашақ кәсіптік қызмет орнына қатысты, байыпты, амбициясы, ниеті болмаса оқу бағасы, әдетте, ЖОО-ын таңдауда шешуші рөл ойнайды.

Тағы бір маңызды фактор, ЖОО-ның ішкі қатынастары тәртібін белгілеуде шешуші рөл атқарады. Бұл ЖОО-на түсу кезіндегі іріктеу, сол сияқты студенттерді оқу процесі барысындағы сұрыптау. Аталған екі факторды да, ЖОО-ның өзі реттейтіндер қатарына жатқызуға болады, өйткені олар баға саясатымен тығыз байланысты. Абитуриенттердің жетпей қалуы немесе оқу процесі барысындағы сұрыптаудың жоғары проценті, өз қызметін ақылы түрде жүзеге асыратын білім беру ұйымының табыстылығына әжептеуір әсерін тигізеді. Ақылы білім берудің экономикалық рентабелділігінің, білім беруді жүргізудің кірісі мен шығысының, білім алушылар санына қатысты тәуелділігі болғандықтан, одан төмендесе білім беруді ұйымдастыру мен жүргізу жекеменшік құрылтайшыға, шығынға ұрынатындықтан экономикалық тиімсіз болатын белгілі бір табалдырығы бар. Баяндаманың басында әңгіме қылған тақырыпқа қайта оралсақ, ЖОО-ы ішкі қатынастарының құқықтық негіздерін орнату, бәрінен бұрын ақылы білім беретін ЖОО-ның, экономикалық себептермен байланысты, өйткені олар мемлекеттік емес ЖОО-ның негізгі мақсатын нығайтуға, олардың қаржылық тірлігі мен беріктігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ, аталған мақсат білім алушының мақсаттарымен және жеке тұлғаның белгілі бір сапалы білім алуы, негізгі конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттің мақсаттарымен қарама-қайшылыққа түсуі мүмкін. Мұндай жағдайларда білім алушы мен ЖОО-ы әкімшілігі, оқытушылар арасында келіспеушіліктер туындауына негіз пайда болады. Тәжірибе көрсеткендей, жұмыс істеп жатқан ЖОО-ның (мемлекеттік және мемлекеттік емес) өзін-өзі ұйымдастыру және ішкі өзін-өзі басқару жағдайларының бізге белгілі, қалауымыздан төмендеу деңгейінде, олардың негіздерін, тәртіптерін, нысандарын, білім беру қызметі қатысушыларының, бәрінен бұрын студенттердің құқықтары мен бостандықтарын заңды түрде рәсімдеуге мүмкіндік беретін, ЖОО-ы аралық және олардың ішкі қатынастарының қандай да бір міндетті, нормативтік құқықтық негізін құру қажеттілігі туындайды. Екінші жағынан, ЖОО-ның ішкі қатынастарын құқықтық реттеудің қандай да бір баланысына, оның нормативтік құрамдас бөлшегі мен ЖОО-ы дербес белгілейтін ережелер арасындағы, оның ішінде білім алушының ЖОО-на түскен соң, келісім-шарт, тікелей қатысуымен болатын қатынастардың баланысына қол жеткізу қажет.

Біздің ойымша, ЖОО-ы ішкі қатынастарын реттеудің келесі төрт деңгейін атап айтуға болады. Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, білім беруді басқару органының бұйрықтарымен енгізілген жалпыға бірдей нормативтік ережелер. Бұл бірінші деңгей. Екінші деңгейді, ЖОО-ы өзі белгілейтін және тек соның аймағында ғана жұмыс істейтін ережелер құрайды. Олар жарғы, ішкі тәртіп ережелері, өзге де ЖОО-ның ішіндегі әкімшілік актілері - бұйрықтар, үкімдер, ЖОО-ын жарғылық басқару органдары - ғылыми кеңестің шешімдері нысанында болады. Бірқатар ЖОО-ында «ішкі» қатынастар (айталық, емтиханды қайта тапсыру мәселесі) оқу орнының құрылымдық бөлімшелері-институттар, орталықтар және тіпті кафедра деңгейінде реттеле береді. Адамгершілік қағидалары және этикалық сипаттағы нормалар мен ережелерден тұратын, кодекс іспетті өзара қарым-қатынас мінез-құлқын белгілеу. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы ЖОО-дарында студенттер, оқытушылар мен әкімшілік арасындағы қатынастарды ұйымдастырудың мұндай практикасы жоқ десе де болғандай.

Төртінші деңгейге, студент пен әкімшілігі арқылы ЖОО, оқытушы мен ЖОО арасындағы келісім-шарттармен белгіленген қатынастар ережелерін қоюға болады. Бүгінде студент пен ЖОО-ы арасындағы келісім-шарт тек ақылы білім берілгенде ғана жасалады, яғни төлеу, орнын толтыру негізінде, өз кезегінде бұл мұндай келісімнің азаматтық-құқықтық сипатын тағы да айқындап тұр. Біздің ойымызша, оқу негізін ақылы түрден ақысыз түрге ауыстыру, келісім-шарттың сипатын да өзгертеді, оны азаматтық-құқықтық емес, әкімшілік-құқық сипатындағы келісім-шарт санатына жатқызады.

Жоғары оқу орны ішкі қатынастарын нормативтік реттеуден бұрын, оларды терең талдаудан өткізу және құқықтық табиғатын тану қажет, ал бұл, өз кезегінде, қатынастар жиынтығын нормативтік, заңнамалық рәсімдеуге жататын және де білім алушының білім алу құқығы ғана емес, білім алушының, оқытушының білім беру саласындағы жалпы конституциялық құқықтары және бостандықтарымен айқындалатын ЖОО-ның академиялық бостандығы шегіндегі қатынастар ретінде классификациялауға мүмкіндік береді.

Нормативтік ережелермен біріншіден, білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын, сонымен бірге, білім алу құқығынан өзге конституциялық құқықтары мен бостандықтарынан туындайтындарын; екіншіден, студенттер, профессорлық-оқытушылық құрам, ЖОО әкімшілігі қарым-қатынастары бастауының негізгі принциптерін; үшіншіден, олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудан туындайтын жалпылық мәні бар мінез-құлықтары варианттарын; төртіншіден, білім беру субъектілері жауапкершілігі негіздерін; бесіншіден, оларды қорғау құралдарын; алтыншыдан, ЖОО-дары ортасындағы қатынастарды қорғау нысандары мен түрі және шиеленістерді шешуді бекіту қажет.

Сөзімді қорытындылай келе, ЕҰУ заң факультетінің студенті ретінде, жоғарғы оқу орнына студенттерді қабылдау ережесіне біраз өзгертулер енгізілсе екен деген ұсыныс жасағым келеді. Әрине, айтпағымыз мемлекеттің саяси жүйесіне қатысты пікір, сын айту емес, бірақ алдағы уақытта мемлекетке өзіндік әсерін тигізетін болашақ маман иелері жайында сөз болмақ. Бүгінде жоғарғы оқу орындарына қабылдау мектеп түлектерінің ҰБТ – да көрсеткен «білімінің» нәтижесінде қабылданады. Жоғары көрсеткіш иелеріне мемлекет тарапынан мамандар даярлауға тапсырыс (білім беру гранты) беріледі. Біздің ойымызша, тек тестілеудің қорытындысымен бюджеттен бөлінетін тапсырыстарды жүзеге асыру дұрыс емес. Себебі мемлекеттік бюджетте білім алатын кейбір студенттердің білімі өз қаражатына оқитын студенттердің білімімен салыстырғанда төмен екенін байқауға болады. Мемлекет болса, оларға үлкен сенім білдіріп, елдің білікті маманы болады деген үмітпен бюджеттен қаражат бөліп отыр. Осы тұрғыда ҰБТ шын мәнінде «білімнің көрсеткіші» деген ұғымға сай келе ме деген әрбір студенттің бойында тұратын шешілмес сауалдай? Біздің ойымызша бірыңғай тестілеуден соң оқуға өз еркімен ниет білдіргеннің барлығы ЖОО қабылданып, белгілі бір уақыт аралығында таңдаған мамандығы бойынша пәндерден сынақ алынуы тиіс. Ол сынақ мейлінше қатаң түрде өтуін және коррупцияның орын алып, мүмкін болатын барлық жағдайда өршіп кетпеуін қамтамасыз етуі тиіс. Осыдан соң «кімнің – кім екені» анықталып, мемлекеттің сеніміне лайықты азаматтардың тізімі айқындала түспек. Сонда биліктегілердің жастарға деген сенімі одан әрі артып, білім жолында Елбасымыз айтпақшы, өз ісіміздің кәсіби маманы болуға талпынып, тәуелсіз елімізді бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде басқаратанымызға еш күмән келтірмеймін.

Қазырғы қалыптасқан жағдайда білімалушы, ОПҚ және ЖОО әкімшілігі арасындағы қарым-қатынас тек жоғарыдан төмен қарай әмір беру қағидасына сәйкес жүзеге асырылып отыр. ЖОО заңдық тұрғыдан қарағанда тек бұйрық пен нұсқау беруші, басқарушы қадағалаушы орган ретінде ғана қызмет атқарып отыр. Біздің ойымызша бұл жүйені түбегейлі өзгерту қажет. Университет қабырғасындағы аты мен қызмет аясы білімалушыларға беймәлім толып жатқан департаменттер мен бөлімшелердің қызметін қысқартып ықшамдалуы қажет. Департаменттер мен бөлімшелер өздерінің қажеттіліктерін басшылыққа көрсету мақсатында төмендегі кафедраға толып жатқан қағазбастылық қызметті қосымша тапсыру арқылы сапалы білім беруге әдейлеп кері әсерін тигізіп отырған сыңайлы.

Сондықтан да, ең соңғы қызметті атқару кафедра болғандықтан ондағы аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарды кафедра жүктемесіне беріп, кафедраның функциясы қайталанып отырған барлық департамент пен бөлімшелерді қысқартып университет қаржысын үнемдеу қажет. Әкімшілік тетік арқылы жоғарыдан басқарылатын білім мен ғылым саласы оның дамуының тетігі ол басқару жүйесінің кері кетуіне септігін тигізіп отыр. Біздіңше ЖОО білімалушыға қызмет көрсетуші болғандықтан барлық қызмет көрсету осы білім алушылардың жан-жақты сапалы білім алуына тиімді жағдайдың жасалуын қамтамасыз етуі тиіс. Ал ОПК мен білім алушылардың арасындағы қатынас ашық және жария қағидасын басшылыққа алып әділдік пен теңдік қағидасын негіздеп отырып адармершілігі мол сапалы маман даярлауға кешенді түрде жоғары білім беруге бағытталуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Правила оказания платных образовательных услуг государственными учреждениями образования. Утвержден Постановлением Правительства Республики Казахстан от 22 сентября 1999 года № 1438 //Законодательство об образовании в Республике Казахстан. Алматы: Юрист.

2 Сластенин В.А., Каширин В.П. Психология и педагогика: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Москва, 2001.

3 Барабанова С.В. Государственное регулирование высшего образования в Российской Федерации: административно-правовые вопросы. Казань.

4 Дашинская З.П. Конституционно-правовое регулирование организации и деятельности общеобразовательных учреждений: Автореферат диссертации кандидата юридических наук. Москва.

5 Кудрявцев Ю.А. О статусе и социальной защите педагогических работников //Образование и право: статус участников образовательных отношений: Материалы I Всероссийской научно-практической конференции. Санкт-Петербург. 1-2 декабря 2003 г./Под ред. Г.А.Бордовского и др.

6 Кудрявцев Ю.А. Документы международного права по вопросам образования /Сост. и др./ Под ред. Г.А.Лукичева и др.

СОТ ЖҮЙЕСІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМІНДЕ

Саттаров Айдос Тайтөлеуұлы

aidos_sattarov@mail.ru

4 курс студенті, ҚҚ-43 топ.

Ғылыми жетекшісі - Абрасулов Ермек Баяхметович

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау әмбебап мәселелер қатарына жатады. Біздің еліміздің Конституциямыздың 12 бабында жазылғандай «адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.» Бұл қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында бірінші кезектегі құндылықтар болып саналады. Заң әдебиетінде адам құқығының гуманитарлық құндылықтардағы шкаласы мен адамның тұлға ретіндегі орны және басымдығы туралы жақсы айтылған. Кез келген демократиялық құрылымда азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ олардың міндеттері, маңызды әлеуметтік және саяси-құқықтық институты, қоғамның көрсеткіші, оның жетілуінің, өркениеттілігінің жетістіктері. Ол - пайдалану құралы, тұлғаның рухани және материалдық құндылығы, билік тетіктері, өз мүдделерін заңды нысандарда еркін білдіру. Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы жеке индивидтің мәртебесін, қадір-қасиетін нығайту жетілдіру. Сондықтан да, жоғары дамыған елдер мен халықтарда адам құқықтары мен оларды қорғауды, прогрессивті даму және гүлдену, фактор тұрақтылық негізінде әлемдік